# ТҮСІНІК ХАТ

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани- адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында біріңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылады. Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізілуі тиіс.

**Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттары:**

1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IҮ Заңы;
6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI Заңы;
7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы27 шілдедегі № 319 Заңы;
8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;

ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

Тәрбиенің мақсаты –мектеп жасына дейінгі балалардың және білім алушылардың Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өз-өздерін танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау.

**Тәрбиенің міндеттері:**

- білім беру ұйымдарында денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, адамгершілікті, тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін тәрбие жүйесін құру және дамыту;
- балалар мен жастарды азаматтылыққа, отансүйгіштікке, зиялылыққа, адам құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға тәрбиелеу;
- қоғамда орнықты қалыптасқан дәстүрлер негізінде этникалық және діни толеранттылықты тәрбиелеу;
- отбасылық тәрбие жүйесін қайта жандандыру және отбасын білім беру мекемелерінің тәрбие жүйесіне араластыру.

Еліміздің орта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес **сегіз** негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады.

1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие
8. Дене тәрбиесі

## І. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ

**Мақсаты:** білім алушылардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін, құқықтық және азаматтық сана-сезімді, жеке бас бостандығы мен ар-намысының құндылығын, парасаттылық пен адалдықты, толеранттылықты, еңбекке деген құрметті, «толық адам» қасиеттерін қалыптастырады, зорлық-зомбылық пен агрессиялық ой-пиғылдың, әртүрлі типтегі кемсітушіліктің алдын алуды қарастыру

| № | Шара атауы | Түрі | Мерзімі | Есеп түрі |
|---|---|---|---|---|
| 1. | «Қыркүйек-Білім күні» Білімге ұмтылу еңбексүйгіштік және отаншылдық | Ашық тәрбие сағаты | 1.09.22 | Жоспар, фото есеп |
| 2. | Бейбіт елдің көк байрағы. | Түсіндірме сабақ | 24.10.22 | Жоспар, фото есеп |
| 3. | « Бала құқығы-адам құқығы» | Танымдық ашық сабақ | 21.11.22 | Жоспар, фото есеп |
| 4. | «Зорлық –зомбылықсыз балалық шағым» | Сурет байқауы | 28.11.22 | Жоспар, фото есеп |
| 5. | «Тәуелсіздік ел мерейі» Жол жүру белгілері және танбалары) | Сыныптан тыс | 12.12.22 | Жоспар, фото есеп |
| 6. | Ұлы жеңіс-ұлт жеңісі | Ашық тәрбие сағаты | 24.04.23 | Жоспар, фото есеп |

## ІІ. РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ

**Мақсаты:** адамгершілік келбеті, адамгершілік сана; құндылық сезімдері мен қасиеттері – ізгілік, ар-ождан, намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, бауырмалдық, мейірімділік, адалдық, ынтымақтастық,ұлтаралық келісім, толеранттылық сияқты құндылықтарды қалыптастыру.

| № | Шара атауы | Түрі | Мерзімі | Есеп түрі |
|---|---|---|---|---|
| 7. | «Ұстаз-ұлы тұлға» | Пікіралмасу, Ашық хаттар | 26.09.22 | Жоспар, фото есеп |
| 8. | «Адалдық-адамдық белгісі» | Сұхбаттасу мектеп инспекторы | 14.11.22 | Жоспар, фото есеп |
| 9. | «Досы көпті жау алмайды» ( Қай жерлерден өтуге болады?) | Болашаққа бағдар, әңгімелесу | 10.10.22 | Жоспар,фото есеп |
| 10. | Сыпайылық-сыйластық белгісі | Танымдық сағат | 16.01.23 | Жоспар,фото есеп |
| 11. | Адамгершілік-асыл қасиет | Пікірталас | 19.12.22 | Жоспар. Фото есеп |

## ІІІ. ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

**Мақсаты:** Тұлғаны ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.

| № | Шара атауы | Түрі | Мерзімі | Есеп түрі |
|---|---|---|---|---|
| 12. | «Тіл –халықтың мерейі (Балалардың көшеде, жолда жүру ережелері) | Әңгіме сабақ | 12.09.22 | Жоспар, фото есеп |
| 13. | Ұлттық ойын-ой сергітер | Танымдық сағаты | 19.09.22 | Жоспар, фото есеп |
| 14. | Қош келдің Әз наурыз! (Жарақаттанғанда көрсетілетін алғашқы медициналық көмек) | Ашық тәрбие сағаты | 13.03.23 | Жоспар, фото есеп |
| 15. | Салт-дәстүрім мақтанышым! ( Қорытынды сабақ ) | Танымдық сағаты | 15.05.23 | Жоспар, фото есеп |

## IV. ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІ

**Мақсаты:** отбасы мүшелері арасындағы сыйласымдылық, үлкенді құрметтеу, ананы сыйлау, әкені қадір тұту, отбасы берекесі, отбасылық дәстүрлер, бауырмалдық, туысқандық, денсаулыққа қамқорлық, салт-дәстүр сабақтастығы, сүйіспеншілік.

| № | Шара атауы | Түрі | Мерзімі | Есеп түрі |
|---|---|---|---|---|
| 16. | «Отбасым-бақыт мекенім!» | Танымдық сағаты | 13.02.23 | Жоспар, анықтама, фото есеп |
| 17. | «Бәрінізге мың алғыс» | Ашық хаттар тарату ,сынып сағаты | 27.02.23 | Жоспар, анықтама, фото есеп |
| 18. | Қарттарым-асыл қазынам | Танымдық сағаты | 3.10.22 | Жоспар, анықтама, фото есеп |

## V. ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ

**Мақсаты:** Еңбек тәрбиесі, экономикалық және экологиялық тәрбие білім алушылар бойына шығармашылық еңбек, еңбек мәдениеті, экономикалық сана, кәсіп, мансап, функционалдық сауаттылық, туған табиғатқа деген сүйіспеншілік сынды құндылықтарды сіңіруге ықпал етеді.

| № | Шара атауы | Түрі | Мерзімі | Есеп түрі |
|---|---|---|---|---|
| 19. | «Экология және біз» | Түсіндірме сабақ, тазалық жұмыстары | 6.02.23 | Жоспар, фото есеп |
| 20. | «Құстар біздің досымыз» | Танымдық сағаты | 3.04.23 | Жоспар, фото есеп |
| 21. | «Табиғат және біз» | Сурет байқауы | 9.01.23 | Жоспар, фото есеп |
| 22. | «Біз әлемді сүйеміз!» Табиғатта тазалау | Түсіндірме сабақ, тазалық жұмыстары | 22.05.23 | Жоспар, фото есеп |

## VI. КӨП МӘДЕНИЕТТІ ЖӘНЕ КӨРКЕМ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ

**Мақсаты:** Тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру. Білім алушыларға эстетикалық сананы; эстетикалық талғамды қалыптастыруға көмектеседі.

| № | Шара атауы | Түрі | Мерзімі | Есеп түрі |
|---|---|---|---|---|
| 23. | «Арайлы- Алтын күз!» | Танымдық сағаты | 17.10.22 | Жоспар, фото есеп |
| 24. | «Түрлет, Жаңа жыл!» | тәрбие сағаты | 26.12.22 | Жоспар, фото есеп |
| 25. | «Ана-өмір шуағы» | Сыныптан тыс | 6.03.23 | Жоспар, фото есеп |
| 26. | «Бейбітшілік-ел болашағы» ( Сен велосипедшісің) | Пікірталас | 17.04.23 | Жоспар, фото есеп |

## VII. ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ

**Мақсаты:** білім құндылығын; зияткерлік ұстанымды; әрбір тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын; ал ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу кибермәдениет мен кибергигиенаны қалыптастырады.

| № | Шара атауы | Түрі | Мерзімі | Есеп түрі |
|---|---|---|---|---|
| 27. | «Сынып дарабозы» | Сайыс | 20.01.23 | Жоспар, фото есеп |
| 28. | «Көшбасшы-2023» | тәрбие сағаты | 29.05.23 | Жоспар, фото есеп |
| 29. | «Жүз бір жұмбақ» | тәрбие сағаты | 10.04.23 | Жоспар, фото есеп |

## VIII. ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ

**Мақсаты:** Салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене бітімін жетілдірудің құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастырады.

| № | Шара атауы | Түрі | Мерзімі | Есеп түрі |
|---|---|---|---|---|
| 30. | «Ұялы телефонның пайдасы пайдасы мен зияны» | Түсіндірме сабақ | 7.11.22 | Жоспар, фото есеп |
| 31. | «Денсаулық –зор байлық | Сайыс сабақ | 5.12.22 | Жоспар, фото есеп |
| 32. | «Ауырмаудың жолын ізде» Зиянды заттардың алдын – алу өз денсаулығыңды сақтау" | пікірталас | 30.01.23 | Жоспар, фото есеп |
| 33. | Қауіпсіздік сабағы «Қауіпсіз ойын орыны» кеңестер беру | Әңгіме сағаты | 27.03.23 | Жоспар, фото есеп |
| 34. | Жол тәртібін білейік, аман –есен жүрейік! | Тәрбие сағаты | 23.01.23 | Жоспар, фото есеп |

Бекітемін: ______ Карасаев Б.К
Мектеп директоры

Келісемін: ______ Қалиева Г.Ж.
ДТІЖО

Ақшатау орта мектебі

# 2022-2023 оқу жылына арналған 3-сыныптың тәрбие жоспары



Сынып жетекшісі: Аханова Жазира Кекілбаевна